

№2 Қарауылкелді орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі

қамқоршылық кеңесінің III отырысы

Хаттама №3

Өтілген күні: 9.08.2023 ж

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, ата-аналар, жергілікті мекеме қызметкерлері

Барлығы: 9

Қатысқаны: 9

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Жалпыға бірдей білім беру қорынан берілетін қаржылай көмекті ұйымдастыру
2. “Мектепке жол” акциясы аясында көмек көрсету

**Тыңдалды:**

*1 - мәселе бойынша*

**Әлеуметтік педагог Л.Т.Жанабаева:** Мектебімізде аз қамтылған отбасы саны - 31. Ондағы бала саны - 63 оқушы. Оның ішінде атаулы әлеуметтік көмек алатын 21 оқушы 11 отбасынан. 2 жетім оқушы 1 отбасынан. Атаулы көмек алмайтын, бірақ жан басына шаққанда күн көрісі төмен отбасы саны 4. Ондағы бала саны 6. Қалған 34 оқушының ата-анасынан қаржылай көмек алуға өтініш түсіп отыр. Аталған оқушылардың ата-аналары толық емес отбасы, жартылай жетім отбасы, кіріс қаражаты төмен отбасы, көп балалы отбасылар. Келген өтініштерді ескере отырып, осы отбасыларға “Жалпыға бірдей білім беру “қорынан берілетін қаржылай көмек алуға ұсынамын.

**Тыңдалды:**

**Қамқоршылық кеңес төрайымы А.Спанова:** Өтініш беріп отырған ата-аналар шын мәнінде көмекке мұқтаж екенін білемін. Толық емес отбасы, жартылай жетім отбасы, кіріс қаражаты төмен отбасы, көп балалы отбасылар екенін ескере отырып “Жалпыға бірдей білім беру “қорынан берілетін қаржылай көмек көрсетілгені дұрыс деп есептеймін.

*2-мәселе бойынша*

**Әлеуметтік педагог С.Бурхина**

“Мектепке жол” қайырымдылық акциясы жаңа оқу жылы қарсаңында 2023 жылдың 1 тамызынан 30 қыркүйек айының аралығында өткізілуде. Акцияның мақсаты - аз қамтылған отбасылардан шыққан, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларға әлеуметтік көмек көрсету.


Осы орайда мектебімізге мемлекеттік мекемелер және жеке кәсіпкерлер демеушілік жасады. Атап айтқанда, Кәсіпкерлік бөлім 2 оқушыға, Жер бөлімі -1 оқушыға, Қазақтелеком 1 оқушыға, Әлеуметтік бөлім 2 оқушыға, Қазынашылық бөлім 1 оқушыға, Кітапхана 2 оқушыға, ЖКХ 1 оқушыға, Аудандық мәдениет үйі 2 оқушыға, СЭС 1 оқушыға, Аудандық қорғаныс бөлімі 2 оқушыға, Рахат, Арзан сауда үйлері 2 оқушыға мектеп формасы мен аяқ киім алып берді.

Сонымен қатар, жеке кәсіпкер Әлмаханова Бинұр 1 оқушыны мектеп формасы, оқу құралы, спорттық киіммен қамтыды. Мусин Ерік Арысұлы 100мың теңгеге 3 оқушыны толық мектеп формасымен қамтыды. QazaqOIL компаниясы 14 оқушыға сөмке мен оқу құралдарын толық алып берді.

#### Қаулы:


1. Өтініш негізінде “Жалпыға бірдей білім беру “қорынан 34 оқушыға қаржылай көмек көрсетілсін.
2. “Мектепке жол” акциясы аясында атқарылған жұмыстар үздіксіз жүзеге асырылсын

1. А.Спанова-кеңес төрайымы




Мүшелері:

2. Б.Мұңайтбасова-зейнеткер




3. Ш.Акимова-врач



4. Б.Айсағалиева-электро сеть



5. Б.Нұрғазы-казтелеком



6. Ж.Булекова- «Рауан» балабақша меңгерушісі



7. А.Арипов-КазТрансГаз




8. Е.Балабаев – ІІБ қызметкері



9. Ғ.Сауытов – Кәсіпкер



Хатшы:



А.Тайшыбай